

Қытаймен қарым-қатынасымыз қарқын алып келеді



7 маусым 2013 | 15:06 | Саясат | Қаралған: 2472 | Пікірлер: 0

Кеше облыс өкімі Бердібек САПАРБАЕВ «Жасыл экономика – дамудың стратегиялық бағыты» халықаралық экологиялық форумы аясында Қытай Халық Республикасының Қазақстандағы Төтенше және өкілетті елшісі Чжоу Ли мырзаны қабылдады. Бұл – Қытай елшісінің Шығыс Қазақстанға жасап отырған тұңғыш сапары.



Шығыс Қазақстанның сыртқы экономикалық байланыстар жүйесінде Қытайдың алар орны ерекше. Өткен жылы облысымыз бер Қытай арасындағы сауда айналымының келемі 1138 миллион долларды құраған. Бұл – облысқа тиесілі жалпы сыртқы сауда айналымы көлемінің бестен бір болігі. Былтыр Шығыс Қазақстан Қытайға 891 миллион доллардың тауарын еткізіп, аталаған елден 247 миллион доллардың өнімін сатып алған.

– Біздің облыс Қытаймен шектесіп жатыр, шекараның жалпы қашықтығы – бір мың шақырым. Осы шекара бойында Бақты және Майқапшагай кеден бекеттері бар. Сол бекеттерден еліміздің азаматтарына бір күнге визасыз етуге мүмкіндік берілген. Бұл қадам экономикалық ері мәдени байланыстардың нығаюына септігін тигізуде. Соның айғағы – облысымыздың 43 біріккен қытай-қазақ касіпорны құрылып, жұмыс істеп жатыр. Шығыс Қазақстан мен Қытайдың арасындағы тауар айналымы жылдан-жылға артып келеді, білім саласындағы қарым-қатынастарымыз да қарқынды дамуда, – деген облыс өкімі Бердібек САПАРБАЕВ елшігіне аймағымызыға жасаған ресми сапары үшін алғысын білдіріп, оның дипломатиялық қызметіне табыс тіледі.

Аймақ басшысының арнайы шақыртуымен келген елші ез сезінде қазіргі кезде Қазақстан мен Қытайдың саяси-экономикалық қарым-қатынасы врлеу кезеңін басынан кешіріп жатқанын жеткізді.

– Біз Шығыс Қазақстан облысымен байланыстарымыздың ері қарай да дамуына аса мүдделіміз. Өнірлерініз біздің негізгі серіктесіміз болып табылады және солай болып қала бермек, сонымен қатар, облыстың транзиттік алеуеті де жоғары, – деп атап етті елші.

Қытай – еліміздің ғана емес, сондай-ақ, облысымыздың да Ресейден кейінгі екінші ірі сауда серіктесі. Өсіресе, Шығыс Қазақстан мен Шыңжан-Ұйғыр автономды ауданының Тарбағатай және Алтай округтерімен тығыз ынтымақтастық орнаған. Айтальық, Тарбағатай округі Алакөл жағасында қонақуилер салу үшін инвестиция қуюға ниет білдіріп отыр. Сонымен қатар, қазіргі кезде «Черемешанка» құс фабрикасын жандандыру жөнінде Қытай тараптымен келіссөздер жүргізіліп жатыр. Ұлан ауданындағы Тайынты жел электр стансасын салуға да Қытай инвестициясын, яғни, шамамен 50 миллион американ доллары мөлшерінде қаржы тарту көзделуде.

Тағы бір атап өткөрлік жайт, қытайлар «Азия Авто» зауытынан шығарылған көліктерді, әсіресе, жол талғамайтын «Ниваларды» сатып алуға ниетті.

Облыс касіпкерлері жаңа әріптестер табу, келіссөздер жүргізу мақсатымен жыл сайын Үрімші қаласында ететін «Қытай – Еуразия» халықаралық көрмесіне белсене қатысып келеді. Бұғынгі таңда аймағымыздағы «Пасека» шаруа қожалығы Шауешек қаласында бал сататын орталық ашуды жоспарлап отыр. Мұнымен қоса, облыс басшылығы отандық авиакомпаниялармен Өскемен – Үрімші бағытында ауе рейсін ашу жөнінде жұмыс істеп жатыр.

Кездесу барысында облыс Өкімі мен Қытай елшісі қос тараптың алдында түрған қазіргі міндеттер – осы взара тиімді қарым-қатынастарды одан арі нығайту, алыс-берістерді көбейту, касіпорындар туралы ақпараттармен алмасу, кедендік құжаттардың рәсімделуін бір ретке келтіру екенін атап көрсетті.

Ержан Әбіш